# 2007-2009 жылдарға арналған "Мәдени мұра" бағдарламасын бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 10 желтоқсандағы N 1203 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 16 ақпандағы N 158 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 16 ақпандағы N 158 Қаулысымен.

"Мемлекет басшысының 2005-2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған 2007-2009 жылдарға арналған "Мәдени мұра" бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар:

1) Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын;

2) жарты жылдықтың және жылдың қорытындылары бойынша 10 шілдеге және 10 қаңтарға Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне Бағдарламаның орындалу барысы туралы ақпаратты ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі жыл сайын 20 шілдеге және 20 қаңтарға Бағдарламаның орындалу барысы туралы жиынтық ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Бағдарлама бекітілгеннен кейін бір ай мерзімде мәдени мұра жөніндегі өңірлік бағдарламаларды әзірлесін.

5. Осы қаулының орындалу барысын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ө.Е. Шөкеевке жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 10 желтоқсандағы

N 1203 қаулысымен бекітілген

## 2007-2009 жылдарға арналған "Мәдени мұра" бағдарламасы

Астана қаласы, 2007 жыл

## Мазмұны

1. Бағдарламаның паспорты
2. Кіріспе
3. Мәдени мұра саласындағы проблеманың қазіргі жай-күйін талдау
4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері
5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі
6. Қажетті ресурстар мен Бағдарламаны қаржыландыру көздері
7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер
8. 2007-2009 жылдарға арналған "Мәдени мұра" бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

## 1. Бағдарламаның паспорты

| | |
|---|---|
| **Бағдарламаның атауы** | 2007-2009 жылдарға арналған "Мәдени мұра" бағдарламасы |
| **Бағдарламаны әзірлеудің негіздемесі** | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысымен бекітілген Мемлекет басшысының 2005 - 2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарының 157-тармағы, сондай-ақ 2007 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасының 2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Қоғамдық кеңес отырысының N 01-7.2. хаттамалық шешімі |
| **Бағдарламаны әзірлеуші** | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі |

| | |
|---|---|
| **Бағдарламаның мақсаты** | Еліміздің тарихи-мәдени мұрасын зерделеу, сақтау және қалпына келтіру |
| **Бағдарлама міндеттері** | тарих және мәдениет ескерткіштерін, оның ішінде Қазақстан тарихымен тікелей байланысты алыс және жақын шет елдердегі ескерткіштерді қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;<br>археологиялық зерттеулер жүргізу;<br>қазақ халқының мәдени мұрасы саласындағы одан арғы ғылыми жұмыстарды жалғастыру;<br>Қазақстанның тарихы, археологиясы, этнографиясы мен мәдениеті жөніндегі басылымдар дестелерін шығаруды жалғастыру. |
| **Бағдарламаны іске асыру мерзімі** | 2007-2009 жылдар |
| **Қажетті ресурстар мен бағдарламаны қаржыландыру көздері** | Бағдарламаны қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады. Қаржыландырудың жалпы көлемі - 4 004,9 миллион теңге, оның ішінде:<br>2007 жылы - 1 873,6 миллион теңге;<br>2008 жылы - 1 376,5 миллион теңге;<br>2009 жылы - 754,8 миллион теңге.<br>Бағдарламаны 2008-2009 жылдарға арналған қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің болжамды көрсеткіштері шеңберінде нақтыланады |
| **Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер** | Бағдарламаны іске асыру:<br>2007 жылдан бастап Дамаск қаласында (Сирия Араб Республикасы) Әл-Фараби этномәдени орталығы мен кесенесін, Сұлтан Бейбарыстың кесенесін салу және Каир қаласында (Египет Араб Республикасы) Сұлтан Бейбарыстың мешітін қалпына келтіру, сондай-ақ Монғолия аумағында табылған көне түркі руникалық тас жазбаларының көшірмелерін дайындау жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;<br>Бағдарламаның іс-шаралар жоспарына сәйкес Қара Сопы, Мақұл Там, Мола Қалан, Ысқақ Ата, Жабрайыл Ата кесенелерінде, Қараман |

Ата мазарында, "Абылай хан резиденциясы" кешенінде, Семей қаласындағы бір мұнаралы және екі мұнаралы мешітте қалпына келтіру жұмыстарын аяқтау;

2008 жылы тарих пен мәдениеттің жиырма екі аса маңызды сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту, оның ішінде Қарағұл, Ботағай кесенелерін, Аққесене мұнарасын, Қарақожа мешітін, Орал қаласындағы бірінші әскери училищенің ғимаратын, Қалжан Ахун мешіт -медресесін, Жүсіп Ата кесенесі мен мешітін қалпына келтіру;

2009 жылы он төрт тарихи-мәдени мұра объектілерін қайта жаңғырту;

2007 жылдан бастап отыз екі қорғанды, мазараттар мен қалашықтарды, оның ішінде Бозоқ, Отырар, Сауран, Талғар, Қойлық, Сарайшық және басқа қалашықтарды археологиялық зерттеу жұмыстарын жалғастыру;

қазақ халқының және Орталық Азияның көшпелі халықтарының тарихымен, материалдық және рухани мәдениетімен байланысты жиырма жеті қолданбалы ғылыми зерттеулерді іске асыру, оның ішінде:

2007 жылы - 8 қолданбалы ғылыми зерттеу;

2008 жылы - 8 қолданбалы ғылыми зерттеу;

2009 жылы - 11 қолданбалы ғылыми зерттеу.

жиырма томдық қазақ әдебиеті классиктерінің шығармаларын шетел тілдеріне аудару және шығару, жүз томдық "Бабалар сөзін", жүз томдық "Әлем әдебиеті кітапханасын", жиырма томдық "Әлемдік философиялық мұраны", он томдық "Әлемдік педагогикалық ой-сананы", ғылымның әр түрлі салалары бойынша барлығы қырық бір іргелі ғылыми басылымдарды әзірлеу және басып шығару жөніндегі жұмыстарды жалғастыру, оның ішінде:

2007 жылы - 5 ғылыми кітап аталымы;

2008 жылы - 12 ғылыми кітап аталымы;
2009 жылы - 24 ғылыми кітап аталымы.

## 2. Кіріспе

2007-2009 жылдарға арналған "Мәдени мұра" бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысымен бекітілген Мемлекет басшысының 2005-2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарының 157-тармағына сәйкес, сондай-ақ 2007 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасының 2004-2006 жылдарға арналған " Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Қоғамдық кеңес отырысының N 01-7.2. хаттамалық шешімін орындау үшін әзірленді.

Осы Бағдарламаны әзірлеу еліміздің тарихи-мәдени мұрасын зерделеуге, сақтауға, қалпына келтіруге және тиімді пайдалануға бағытталған шаралар кешенін іске асыруды қамтамасыз ету қажеттігінен туындап отыр.

Ағымдағы жылғы 13 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өткен 2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Қоғамдық кеңестің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне 2007-2009 жылдарға арналған "Мәдени мұра" тиісті салалық бағдарламасын әзірлеуді және іске асыруды тапсырды.

## 3. Мәдени мұра саласындағы проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

2006 жылы 2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аяқталды.

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барысында тарих пен мәдениеттің жаңа ескерткіштерін ашу, ұлттық мәдениет үшін айрықша маңызы бар айтарлықтай тарихи-мәдени ескерткіштерді консервациялау, қалпына келтіру және қайта жасау; мәдени мұраның, оның ішінде ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеудің біртұтас жүйесін жасау; әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиеттің үздік жетістіктері базасында гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын жасау жөніндегі шаралар кешені қамтамасыз етілді.

Өткен кезең ішінде отыз бес тарих және мәдениет ескерткіштеріне қалпына келтіру жұмыстары аяқталды, оның ішінде:

2004 жылы 12 объектіде қалпына келтіру жұмыстары аяқталды;
2005 жылы 13 объектіде қалпына келтіру жұмыстары аяқталды;
2006 жылы 10 объектіде қалпына келтіру жұмыстары аяқталды.

Қазақстан аумағындағы отыз қалашықтарда, қоныстарда және қорғандарда археологиялық зерттеулер жүргізілді, оның ішінде:
2004 жылы 20 қалашықта археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді;
2005 жылы 30 қалашықта археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді;
2006 жылы 30 қалашықта археологиялық қазба жұмыстары жалғастырылды.

Қазақ халқының мәдени мұрасында тарихи маңызы бар қолжазбаларды, жәдігерлік басылымдарды, кітаптар мен мұрағаттық құжаттарды анықтау және сатып алу үшін Ресейдің, Қытайдың, Батыс Европа елдерінің мұрағаттары мен кітапханаларына ғылыми-зерттеу экспедициялары ұйымдастырылды.

Ұлттық мәдениетіміз үшін айрықша маңызы бар бірегей тарихи-мәдени, сәулет және археологиялық ескерткіштерді қолданбалы ғылыми зерттеулер, сондай-ақ еліміздің қорларында, мұрағаттары мен қоймаларында сақталған көрнекті ауызекі кәсіби дәстүрді орындаушы-музыканттардың фоножазбаларын қалпына келтіру және қазіргі заманғы аудиожеткізгіштерге көшіру жөніндегі жұмыстар жүргізілді, оның ішінде:
2004 жылы - 10 қолданбалы ғылыми зерттеу;
2005 жылы - 10 қолданбалы ғылыми зерттеу;
2006 жылы - 7 қолданбалы ғылыми зерттеу.

Ұлттық және әлемдік ғылыми ой-сана, мәдениет пен әдебиет басылымдары дестелерін әзірлеу жөніндегі жүйелі жұмыстар жүзеге асырылды. Екі жүз он сегіз кітап аталымы, оның ішінде "Бабалар сөзі", "Қазақтар құқығының ежелгі әлемі", "Қазақ музыкасының антологиясы", "Қазақ тілі синонимдерінің сөздігі", " Орфографиялық сөздік" дестелері басылып шығарылды, оның ішінде:
2004 жылы - 29 ғылыми кітап аталымы;
2005 жылы - 89 ғылыми кітап аталымы;
2006 жылы - 100 ғылыми кітап аталымы.

Сонымен қатар, кең ауқымды бағдарламаны қысқа уақыт ішінде іске асыру мүмкін еместігін тәжірибе көрсетіп отыр.

Қазақстанның ұлттық тарихы үшін зор маңызы бар көптеген тарихи, археологиялық және сәулет объектілері әлі күнге дейін жедел көмекке зәру болып отыр. Олардың ішінде Бесшатыр, Есік, Берел және Шілікті қорғандары, еліміздің әр түрлі түкпірлерінде орналасқан көптеген жартастардағы бейнелер сияқты тарих пен мәдениеттің айрықша ескерткіштері бар. Олардың көпшілігі урбанизация, индустрияландыру салдарынан бұзылу мен жойылудан әлі күнге дейін қорғалмаған.

Ежелгі дәуірден бастап материалдық емес рухани мәдениет ескерткіштерін

зерделеу, пайдалану жүйесі мен әдістері жеткілікті дамымаған.

Мемлекеттік және саяси құрылысты ескерсек, осыдан 25 жыл бұрын кеңестік кезеңде қабылданған Қазақ КСР-інің тарих пен мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі ескірді және қайта қарауды қажет етеді.

Тарих пен мәдениет ескерткіштері базасында туризм инфрақұрылымын дамытуға жағдай жасау үшін оларды пайдаланудың толыққанды жүйесі жоқ.

2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру кезінде анықталған проблемалар 2007-2009 жылдарға арналған " Мәдени мұра" бағдарламасын әзірлеу кезінде ескерілді.

Осы Бағдарлама шеңберінде тарихи-мәдени мұра объектілерін қалпына келтіру және консервациялау жөніндегі жұмыстар жалғастырылатын болады. Бұдан басқа, Қазақстан тарихына тікелей байланысты алыс және жақын шетелдердегі тарих пен мәдениет ескерткіштерін зерделеу және қалпына келтіру, Монғолия мен басқа елдер аумағынан табылған руникалық жазулары бар көне түркі тас мүсіндерінің көшірмесін қалпына келтіру бойынша алғашқы қадамдар жасалмақ.

Қазақ халқының мәдени мұрасын, оның ішінде ұлттық мәдениетіміз үшін айрықша маңызы бар тарихи-мәдени, сәулет және археологиялық ескерткіштерді зерделеу жөнінде кең көлемді қолданбалы ғылыми зерттеулер көзделген.

Ұлттық әдебиетіміз бен жазбамыздың көпғасырлық тәжірибесін жинақтауға, Қазақстан тарихының, археологиясының, этнографиясы мен мәдениетінің көптеген мәселелері жөніндегі дестелік басылымдар шығаруға қатысты мәселелер де өз жалғасын талап етеді.

## 4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты еліміздің тарихи-мәдени мұрасын зерделеу, сақтау және қалпына келтіру.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу мынадай міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылады:

тарих пен мәдениет ескерткіштерін, оның ішінде Қазақстан тарихымен тікелей байланысты алыс және жақын шетелдердегі ескерткіштерді қайта жасау жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

археологиялық зерттеулер жүргізу;

қазақ халқының мәдени мұрасы саласындағы одан арғы ғылыми жұмыстарды жалғастыру;

Қазақстанның тарихы, археологиясы, этнографиясы мен мәдениеті мәселелері бойынша басылымдар дестелерін шығаруды жалғастыру.

## 5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

Бағдарлама 2007-2009 жылдар аралығында іске асырылады және мәдени мұраны өркендету үшін мынадай негізгі бағыттарды көздейді:

### 5.1. Тарих және мәдениет ескерткіштерін, оның ішінде Қазақстан тарихымен тікелей байланысты алыс және жақын шетелдердегі ескерткіштерді қайта жасау жөніндегі жұмыстарды жалғастыру

Бағдарлама аясында алыс және жақын шетелдерде Дамаск (Сирия Араб Республикасы) қаласында Әл-Фараби этномәдени орталығы мен кесенесін салу, Сұлтан Бейбарыстың кесенесін және Каир қаласында (Египет Араб Республикасы) Сұлтан Бейбарыстың мешітін қалпына келтіру, Монғолия аумағынан табылған руникалық жазулары бар көне түркі тас мүсіндерінің көшірмесін қалпына келтіру жобаларын іске асыру көзделіп отыр.

Қазақстанның Каир қаласындағы Сұлтан Бейбарыстың мешітін және Дамаск қаласындағы кесенесін қалпына келтіруге, Дамаск қаласындағы Әл-Фарабидің жерленген жерінде оның этномәдени орталығы мен кесенесін салу жұмыстарына қатысуы осы көрнекті қайраткерлердің қазақ даласының перзенттері екендігін әлемге танытуға қосқан қомақты үлес болмақ.

Қалпына келтірілетін Қазақстанның тарих және мәдениет ескерткіштерінің ішінде Алматы облысындағы Қойлық қалашығы тарихи объектілері, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Аққесене мұнарасы, Шаян ауылындағы мешіт-медресе, Солтүстік Қазақстан облысының Сырымбет ауылындағы XIX ғасырдың белгілі ағартушы ғалымы Ш.Уәлихановтың әжесі Айғанымның үй-жайы, Жамбыл облысындағы Ақыртас сарай кешені сияқты маңызды ескерткіштер бар.

### 5.2. Археологиялық зерттеулер жүргізу

Археологиялық мұра - мәдени мұраның маңызды заттай бөлігінің маңызды бөлшегінің бірі бола тұра, халықтың материалдандырылған жадысын танытатыны белгілі және оған еліміздің тарихын зерделеу, тарих пен мәдениет ескерткіштерін сақтау әрі пайдалану процесінде ерекше рөл бөлінеді.

Археология ескерткіштеріндегі қазба жұмыстары, әсіресе ірі орта ғасырлық қалашықтардағы қазба жұмыстары, оларды консервациялау мен мұражайландыру ондаған жылдарды қажет ететіндігін ескере отырып, екінші кезеңдегі археологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды бірінші кезеңде таңдап алынған Бұзоқ, Отырар, Сауран, Талғар, Қойлық, Сарайшық және басқа қалашықтар сияқты еліміздің белгілі ескерткіштерінде жалғастыру есебінен тереңдету қажет. Сонымен қатар, іс-шаралар жоспарын іске асырудың екінші

кезеңінде орта ғасырлық Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени өмірінде маңызды рөл атқарған тарихи қала орталықтарын археологиялық-этнографиялық зерделеу қажеттігі талап етіледі.

Ұлы Жібек жолы тармақтарының бірі болып табылатын орта ғасырлық Жетісудің керуен жолдары да зерттеуді қажет етеді. Арал өңірінің ескерткіштері - Жанкент, Арал Асар ортағасырлық қалалары мұрамыздың зерттелмеген дерлік бөлігі болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Бағдарламада ежелгі Қазақстанның патша мазараттары мен зиярат орындарын - Берел, Шілікті обаларын, Қызыл Ұйық зиярат орнын, Қазақстан аумағындағы ежелгі және орғасырлық мемлекеттердің астана орталықтарын: Арал өңірі сақтарының астанасы - Шірік Рабат, қарлұқтар астанасы - Қаялық, оғыздар астанасы - ежелгі және ортағасырлық Жанкент, Ақорда мен Қазақ хандығының астанасы - Сауран қалашықтарын, ежелгі ортағасырлық қаған орталығы - Ақыртас, Жошы ұлысының астанасы - Хан ордасы кешендері, сондай-ақ Ұлы Жібек жолындағы ірі қала орталықтары - Ақтөбе (Баласағұн), Сидақ, Арал Асар, Шымкент, Сайрам, Сығанақ қалашықтарында тереңінен археологиялық зерттеулер көзделетін болады.

## 5.3. Қазақ халқының мәдени мұрасы саласында одан арғы ғылыми жұмыстарды жалғастыру

Мәдени мұраны, оның ішінде ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет-ғұрыпты зерделеудің тұтастай жүйесін құру шеңберінде қазақ халқының тарихымен, материалдық және рухани мәдениетімен байланысты негізгі ғылыми проблемаларды зерттеу және танымал ету, оның ішінде Орталық Азияның қазақтары мен көшпелі халықтарының көшпелі қоғамының өткен өмірінің бай тарихын зерттеу және танымал ету жөніндегі іс-шаралар іске асырылмақ.

Жоғарыда көрсетілген жобаны іске асыру мақсатында Қытайға, Монғолияға, Түркияға, Египетке, Батыс Европа елдеріне, оның ішінде Париждің, Мадридтің, Берлиннің Ұлттық кітапханаларына, Ватиканның құпия мұрағатына ғылыми-іздестіру экспедициялары ұйымдастырылады, олардың міндеті Қазақстан үшін тарихи-мәдени құндылық танытатын жазбалар мен мұрағаттық құжаттар ескерткіштерін сәйкестендіру және жинау болады.

Көшпелілердің материалдық мәдениетін - қыстауларды, қоныстарды, бейіттерді, құдықтарды, көшу жолдары мен бағыттарын зерттеу, сипаттау, картаға түсіру және талдау; Қазақстан аумағында шаруашылық жүргізу және табиғи-ландшафттық аймақтарды экономикалық тұрғыдан игеру тәсілдерін

жаппай зерттеу; қазақ этносының ру-тайпалық номенклатурасын жан-жақты зерттеу; көшпелі халықтардың, ең алдымен қазақ халқының тарихы мен мәдениеті жөніндегі маңызды еңбектерді басып шығару жөнінде ауқымды жұмыстар жүргізіледі.

Көшпенділердің тарихы, археологиясы, этнологиясы, мәдениеті мен өнері жөнінде ғылыми еңбектер, атластар, этнографиялық карталар басып шығару зерттеулердің нәтижесі болады.

Сондай-ақ, алыс және жақын шетелдерде - Қытайда, Монғолияда, Ресейде және тағы басқа елдерде тұрып жатқан қазақтардың халықтық өнерін кешенді зерттеулер жүргізіледі.

Еуразия аумағында табылған біздің эрамыздың VI-VIII ғасырларына жататын көне түркі руникалық тас жазбалары ерте ортағасырлық көне түркі тайпаларының тарихын терең зерттеу үшін негіз болатын сирек ежелгі түрік жазбаларын қамтитыны белгілі.

Көне түркілердің жазба мұрасы мен Еуразия көшпелі өркениетінің басқа ескерткіштерін анықтау, зерделеу және танымал ету мақсатында Монғолия, Қытай, Иран аумағына ғылыми-іздестіру экспедицияларын ұйымдастыру, сондай-ақ Монғолия территориясында орналасқан ғылыми тұрғыдан анағұрлым маңызды "Тоныкөк" пен "Білке қаған" руникалық жазбалары бар көне түркі мүсіндерінің көшірмелерін жаңғырту жоспарлануда.

## 5.4. Қазақстанның тарихы, археологиясы, этнографиясы мен мәдениеті жөніндегі басылымдар дестелерін шығаруды жалғастыру

Бағдарламаға Қазақстанның тарихы, археологиясы, этнографиясы мен мәдениеті мәселелері жөніндегі басылымдардың жаңа дестелерін әзірлеу әрі шығару мәселелері енгізілмек, олар: "Алаш орда" қозғалысына қатысты дестелер, "IX-XVI ғасырлардағы армян дереккөздеріндегі Қазақстан тарихы", "Қазақтың қолданбалы өнерінің шетелдегі жәдігерлері", Шоқан Уәлихановтың алты томдық және он томдық "Әбу-Насыр Әл-Фараби" жинағы, Академик Ә.Х. Марғұланның 14 томдық шығармалар жинағы және тағы басқалар.

## 6. Қажетті ресурстар мен бағдарламаны қаржыландыру көздері

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Қаржыландырудың жалпы көлемі - 4 004,9 миллион теңге, оның ішінде:

2007 жылы - 1 873,6 миллион теңге;
2008 жылы - 1 376,5 миллион теңге;
2009 жылы - 754,8 миллион теңге.

2008-2009 жылдарда Бағдарламаны қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің болжамды көрсеткіштері шеңберінде нақтыланатын болады.

## 7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру:

2007 жылдан бастап Дамаск қаласында (Сирия Араб Республикасы) Әл-Фараби этномәдени орталығы мен кесенесін, Сұлтан Бейбарыстың кесенесін салу және Каир қаласында (Египет Араб Республикасы) Сұлтан Бейбарыстың мешітін қалпына келтіру, сондай-ақ Монғолия аумағында табылған көне түркі руникалық тас жазбаларының көшірмелерін дайындау жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

Қара Сопы, Мақұл Там, Мола Қалан, Ысқақ Ата, Жабрайыл Ата кесенелерінде, Қараман Ата мазарында, "Абылай хан резиденциясы" кешенінде, Семей қаласындағы бір мұнаралы және екі мұнаралы мешітте қалпына келтіру жұмыстарын аяқтау;

2008 жылы тарих пен мәдениеттің жиырма екі аса маңызды сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту, оның ішінде Қарағұл, Ботағай кесенелерін, Аққесене мұнарасын, Қарақожа мешітін, Орал қаласындағы бірінші әскери училищенің ғимаратын, Қалжан Ахун мешіт-медресесін, Жүсіп Ата кесенесі мен мешітін қалпына келтіру;

2009 жылы он төрт тарихи-мәдени мұра объектілерін қайта жаңғырту;

2007 жылдан бастап отыз екі қорғанды, мазараттар мен қалашықтарды, оның ішінде Бозоқ, Отырар, Сауран, Талғар, Қойлық, Сарайшық және басқа қалашықтарды археологиялық зерттеу жұмыстарын жалғастыру;

қазақ халқының және Орталық Азияның көшпелі халықтарының тарихымен, материалдық және рухани мәдениетімен байланысты жиырма жеті қолданбалы ғылыми зерттеулерді іске асыру, оның ішінде:

2007 жылы - 8 қолданбалы ғылыми зерттеу;

2008 жылы - 8 қолданбалы ғылыми зерттеу;

2009 жылы - 11 қолданбалы ғылыми зерттеу.

жиырма томдық қазақ әдебиеті классиктерінің шығармаларын шетел тілдеріне аудару және шығару, жүз томдық "Бабалар сөзін", жүз томдық "Әлем әдебиеті кітапханасын", жиырма томдық "Әлемдік философиялық мұраны", он томдық "Әлемдік педагогикалық ой-сананы", ғылымның әр түрлі салалары бойынша барлығы қырық бір іргелі ғылыми басылымдарды әзірлеу және басып шығару жөніндегі жұмыстарды жалғастыру, оның ішінде:

2007 жылы - 5 ғылыми кітап аталымы;

2008 жылы - 12 ғылыми кітап аталымы;
2009 жылы - 24 ғылыми кітап аталымы.

## 8. 2007-2009 жылдарға арналған "Мәдени мұра" бағдарламасының іс-шаралар жоспары

| **N** | **Іс-шаралар** | **Аяқталу нысаны** | **Орындалуына (іске асырылуына жауаптылар)** | **Орындау (іске асыру) мерзімі** | **Болжамды шығыстар млн. теңге** | **Қаржыландыру көзі** | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2007 | 2008 | 2009 | | | | | | |
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** | **6** | **7** | **8** | **9** |
| **1. Тарих және мәдениет ескерткіштерін, оның ішінде Қазақстан тарихымен тікелей байланысты алыс және жақын шет елдердегі ескерткіштерді қайта жаңғырту жұмыстарын жалғастыру** | | | | | | | | |
| 1. | Каир қаласындағы Сұлтан Бейбарыстың мешіті, XIII ғасыр | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ | 2008 жылғы 20 қаңтар мен 20 шілде | 140,0 | 153,0 | - | Республикалық бюджет |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | Республ- |
| 2. | Дамаск қаласындағы Әл-Фараби этномәдени орталығы мен кесенесі, XII ғасыр | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ | 2008 жылғы 20 қаңтар мен 20 шілде | 450,0 | 29,6 | - | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | ликалық бюджет |
| 3. | Дамаск қаласындағы Сұлтан Бейбарыс кесенесі, XIII ғасыр | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ | 2008 жылғы 20 қаңтар мен 20 шілде | 88,9 | 54,2 | - | Республикалық бюджет |
| 4. | Монғолия аумағынан табылған көне түркі руникалық жазбалары бар тастардың көшірмесін жаңғырту, біздің заманымызға дейінгі VII-VI ғасырлар | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ | 2008 жылғы 20 қаңтар мен 20 шілде | 12,5 | 12,5 | | Республикалық бюджет |
| **Алматы облысы** | | | | | | | | |
| 5. | Талғар (Талхиз) қалашығының тарихи және археологиялық объектілерінің кешені, X-XV ғасырлар | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ | 2008 жылғы 20 шілде, 2009 жылғы 20 қаңтар мен 20 шілде | - | 6,0 | 6,0 | Республикалық бюджет |
| 6. | Тамғалы шатқалындағы петроглифтерді консервациялау, біздің заманымызға дейінгі XII-VIII ғасырлар | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ | 2008 жылғы 20 шілде, 2009 жылғы 20 қаңтар мен 20 шілде | - | 6,2 | 6,2 | Республикалық бюджет |
| 7. | Қапшағай түбіндегі Тамғалы-Тас петроглифтерін кон- | Қазақстан Республикасының Үкіме- | МАМ | 2008 жылғы 20 шілде, 2009 жылғы 20 қаң- | - | 10,2 | 10,2 | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | сервациялау, XVI-XVII ғасырлар | тіне ақпарат | | тар мен 20 шілде | | | Республикалық бюджет |
| 8. | Бесшатыр мазарының патша қорғандарын қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу, біздің заманымызға дейінгі V-IV ғасырлар | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ | 2008 жылғы 20 шілде, 2009 жылғы 20 қаңтар мен 20 шілде | - | 6,2 | 6,2 | Республикалық бюджет |
| **Ақтөбе облысы** | | | | | | | |
| 9. | Қарағұл кесенесі, XIX ғасыр | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ | 2008 жылғы 20 шілде, 2009 жылғы 20 қаңтар мен 20 шілде | - | 4,6 | 30,6 | Республикалық бюджет |
| **Ақмола облысы** | | | | | | | |
| 10. | Ботағай кесенесі, XI-XII ғасырлар (консервациялау мен мұражайландыру) | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ | 2008 жылғы 20 қаңтар мен 20 шілде | 6,3 | 16,3 | - | Республикалық бюджет |
| **Шығыс Қазақстан облысы** | | | | | | | |
| 11. | Семей қаласындағы бір және екі мұнаралы мешіт, XIX ғасыр | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ | 2008 жылғы 20 қаңтар | 26,0 | - | - | Республикалық бюджет |
| | Берел обасы (археологиялық алтын бұйымдарды жаңғырту және | Қазақстан Республикасының | | Жыл сайын 20 қаң- | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 12. | консерва-циялау), біздің заманымы-зға дейі-нгі V-IV ғасырлар | Үкіме-тіне ақпа-рат | МАМ | тар мен 20 шіл-де | 25,0 | 25,0 | 25,0 | Респуб-ликалық бюджет |
| **Жамбыл облысы** | | | | | | | | |
| 13. | Аққесене мұнарасы, XVII ға-сыр | Қазақ-стан Респу-блика-сының Үкіме-тіне ақпа-рат | МАМ | 2008 жылғы 20 қаң-тар мен 20 шіл-де | 12,0 | 6,2 | - | Респуб-ликалық бюджет |
| 14. | Ақыртас сарай кешені, VII-VIII ғасырлар | Қазақ-стан Респу-блика-сының Үкіме-тіне ақпа-рат | МАМ | жыл сайын 20 қаңтар мен 20 шілде | 36,0 | 58,4 | 58,4 | Респуб-ликалық бюджет |
| 15. | Қарақожа мешіті, XVIII ғасыр | Қазақ-стан Респу-блика-сының Үкіме-тіне ақпа-рат | МАМ | 2008 жылғы 20 қаң-тар мен 20 шіл-де | 16,3 | 23,5 | - | Респуб-ликалық бюджет |
| **Батыс Қазақстан облысы** | | | | | | | | |
| 16. | Бөкей Ордасын-дағы хан ставкасы кешені (Бас ставка, флигель-дер), XIX ғасыр | Қазақ-стан Респу-блика-сының Үкіме-тіне ақпа-рат | МАМ | жыл сайын 20 қаңтар мен 20 шілде | 32,0 | 36,8 | 36,8 | Респуб-ликалық бюджет |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | Респуб- |
| 17. | Орал қаласындағы бірінші әскери училище ғимараты, XIX ғасыр | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ | 2008 жылғы 20 қаңтар мен 20 шілде | 21,3 | 24,9 | - | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | ликалық бюджет |
| Қызылорда облысы | | | | | | | | |
| 18. | Қара Сопы кесенесі, XVIII ғасыр | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ | 2008 жылғы 20 қаңтар | 15,2 | - | - | Республикалық бюджет |
| 19. | Мақұл Там кесенесі, XIX ғасыр | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ | 2008 жылғы 20 қаңтар | 10,6 | - | - | Республикалық бюджет |
| 20. | Мола Қалан кесенесі, XVI ғасыр | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ | 2008 жылғы 20 қаңтар | 8,4 | - | - | Республикалық бюджет |
| 21. | Сығанақ қалашығының орталық мешіт-медресесі, XIII - XVII ғасырлар | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ | 2008 жылғы 20 шілде, 2009 жылғы 20 қаңтар мен 20 шілде | - | 8,2 | 8,2 | Республикалық бюджет |
| 22. | Қалжан Ахун мешіт-медресесі, XIX ғасыр | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ | 2008 жылғы 20 қаңтар мен 20 шілде | 21,0 | 19,0 | - | Республикалық бюджет |
| | | Қазақстан Респу- | | 2008 жылғы 20 | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 23. | Қожа Назар мешіті, XIX ғасыр | бликасының Үкіметіне ақпарат | МАМ | шілде, 2009 жылғы 20 қаңтар мен 20 шілде | - | 12,2 | 12,2 | Республикалық бюджет |
| **Маңғыстау облысы** | | | | | | | | |
| 24. | Караман-Ата мазарының ескерткіштері, XVII ғасыр | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ | 2008 жылғы 20 қаңтар | 8,0 | - | - | Республикалық бюджет |
| **Солтүстік Қазақстан облысы** | | | | | | | | |
| 25. | Айғанымның үйжайы, XIX ғасыр | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ | 2008 жылғы 20 шілде, 2009 жылғы 20 қаңтар мен 20 шілде | - | 16,5 | 16,5 | Республикалық бюджет |
| 26. | "Абылай хан резиденциясы" кешені, XVIII ғасыр | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ | 2008 жылғы 20 қаңтар | 298,0 | - | - | Республикалық бюджет |
| **Оңтүстік Қазақстан облысы** | | | | | | | | |
| 27. | Қожа Ахмет Иасауи кесенесі, XIV ғасыр | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ | жыл сайын 20 қаңтар мен 20 шілде | 43,5 | 54,5 | 54,5 | Республикалық бюджет |
| | Тұрбат ауылының | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 28. | сәулет-діни кешеніндегі Ысқақ Ата мен Жабрайыл Ата кесенелері, XVII ғасыр | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ | 2008 жылғы 20 қаңтар | 21,3 | - | - | Республикалық бюджет |
| 29. | Баба Ата сарай-қамал кешеніндегі ескерткіштер, XVII ғасыр | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ | жыл сайын 20 қаңтар мен 20 шілде | 29,6 | 31,4 | 28,5 | Республикалық бюджет |
| 30. | Шаян ауылындағы мешіт-медресе, XIX ғасыр | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ | жыл сайын 20 қаңтар мен 20 шілде | 22,7 | 36,4 | 22,3 | Республикалық бюджет |
| 31. | Көне Сайрам қалашығының сәулет ескерткіштері (Әбдел-Әзиз-Баб, Талиға Қажы, Мірәлі-Баб кесенелері, Хызыра мұнарасы), VI-XVII ғасырлар | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ | жыл сайын 20 қаңтар мен 20 шілде | 6,2 | 12,4 | 10,5 | Республикалық бюджет |
| 32. | Көне Сауран ескерткіші, XIII-XVIII ғасырлар | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ | 2008 жылғы 20 шілде, 2009 жылғы 20 қаңтар мен 20 шілде | - | 16,5 | 16,5 | Республикалық бюджет |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 33. | Жүсіп Ата кесенесі мен мешіті, XIV-XIX ғасырлар | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ | 2008 жылғы 20 қаңтар мен 20 шілде | 21,0 | 22,6 | - | Республикалық бюджет |
| | Барлығы: | 2.428,7 | | | 1381,4 | 729,3 | 318,0 | |
| **3. Археологиялық зерттеулер жүргізу** | | | | | | | | |
| **Алматы облысы** | | | | | | | | |
| 34. | Қайлық, Талғар қалашықтары | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ (жинақтау) БҒМ | жыл сайын 20 қаңтар мен 20 шілде жыл сайын 10 қаңтар мен 10 шілде | 5,0 | 5,0 | 5,0 | Республикалық бюджет |
| 35. | Майбұлақ тұрағы | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ (жинақтау) БҒМ | жыл сайын 20 қаңтар мен 20 шілде жыл сайын 10 қаңтар мен 10 шілде | 1,0 | 1,0 | 1,0 | Республикалық бюджет |
| 36. | Қазақстанның жартастағы өнер ескерткіштері: Ешкіөлмес зиярат орны, Тамғалы, Арпа Өзен, Қойбағар,Қарақыр, Шу-Іле таулары, Қаратау тауының оңтүстік жоталары, Тілеубалақ | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ (жинақтау) БҒМ | жыл сайын 20 қаңтар мен 20 шілде жыл сайын 10 қаңтар мен 10 шілде | 1,0 | 1,0 | 1,0 | Республикалық бюджет |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 37. | Түрген мазары мен қонысы | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ (жинақтау) БҒМ | жыл сайын 20 қаңтар мен 20 шілде жыл сайын 10 қаңтар мен 10 шілде | 1,0 | 1,0 | 1,0 | Республикалық бюджет |
| 38. | Ой-Жайлауортағасы - рлық көшпелілердің мәдениет кешені | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАМ (жинақтау) БҒМ | жыл сайын 20 қаңтар мен 20 шілде жыл сайын 10 қаңтар мен 10 шілде | 1,0 | 1,0 | 1,0 | Республикалық бюджет |
